

**Атырау облысы Білім беру басқармасының
Атырау қаласы білім бөлімінің
«№ 23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
өзін-өзі аттестаттау өлшемшарттары**

**Атырау қаласы
2022 жыл.**

Мазмұны

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

1.2. Материалдық-техникалық базаны бағалау

2. Оқытумен мен тәрбиелеу қызметін бағалау.

2.1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру

2.2. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау

2.3. "РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани адамгершілік дағдыларды қалыптастыру:

2.4. МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауда және денсаулығын нығайтуда қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру.

2.5. МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы

2.6. Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау

2.7. Баланың даму мониторинг қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы (мектепалды тәрбиеленушілерінің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілер жоспарларының (карталары)

2.8. "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру

2.9. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы

3. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

3.1. МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

3.2. оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы.

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен

дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар (осы Өлшемшарттардың 6 немесе 7-қосымшаларына сәйкес мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері қоса беріледі)

5.Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

5.1.МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру (МДТО ҮОЖ әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің 15 минуттан аспайтын бір бейне материалы қоса беріледі);

5.2.жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау (осы Өлшемшарттардың 8-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, мониторингісінің (қорытынды) көшірмелері қоса беріледі).

6.Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

6.1.жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау (осы Өлшемшарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі);

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

Білім беру ұйымының толық атауы «Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№ 23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы мен нақты орналасқан мекенжайы, пошта индексі): Атырау облысы, Атырау қаласы, Дамбы ауылдық округі, Амангелді ауылы, Әліби Жангелдин көшесі, құрылыс 1Б. Пошта индексі: 060017.

Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт):

dc_23_atr@edu.mail.kz;

Электронды пошта dc_23@mail.ru;

Web-сайт: <https://yntymak-23.goroo-atyrau.kz/>

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшысының Т.А.Ә., қызметке тағайындалуы туралы бұйрық көшірмесі, электрондық поштасы)

Урынтаева Рима Жумалиевна.

Бұйрық №308 29.11.2011 ж.

dc_23@mail.ru

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі)

Қайта тіркеу туралы анықтаманың / куәлік: 18.01.2021 жыл.

Жарғы: №3258 – 1915 – НАО – МК.

<https://yntymak-23.goroo-atyrau.kz/ozin-ozit-test-tt-u-olshemsh-rtt-ry/bilim-beru-jymy-tur-ly-zh-lpy-malimet.html>

Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)

Лицензия 16 № 0158726 серия АБ 28.11.2011жыл.

1.2. Материалдық-техникалық базаны бағалау

<https://yntymak-23.goroo-atyrau.kz/ozin-ozit-test-tt-u-olshemsh-rtt-ry/m-teri-ldy-tekhnik-b-z.html>

№ «23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасының» ғимараты 2011 жылы 160 орындық типтік жобамен салынып, пайдалануға берілген.

Қазіргі уақытта бөбекжай-бақшасында 9 топ, оның 9 қазақ тілінде, 0 орыс тілінде; барлығы – 191 бала тәрбиеленуде. Бөбекжай - бақшасына бала қабылдау 2018 жылдың қыркүйек айынан бастап <https://www.indigo24.kz/ru> - электрондық портал арқылы жүзеге асырылады.

Бөбекжай-бақшасының ғимаратының жалпы ауданы 2812,3 шаршы метр. Бөбекжай-бақшасының ғимараты тұрақты жер пайдалану құқығына ие. Жер учаскесінің алаңы: 0,84 га. Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі: 04–066–070–673.

Бөбекжай-бақшасының 2020 – 2025 жылдарға арналған Даму бағдарламасы жоспарланған. Даму бағдарламасы бөбекжай-бақшасының болашақтағы ең өзекті мәселесін шешуге арналған.

Өрт болған жағдайда адамдарды эвакуациялау сызба жоспары ғимараттың әр қабатында ілініп, өрт сөндіру құралдарымен толықтай жабдықталған. Автоматты өрт дабыл қаққыштар жұмыс жасайды, апаттық (эвакуациялық) жарықтандыру белгілері орналасқан.

Жалпы саны 39 бейне бақылау камерасы орнатылған, оның 27 ішті, 12 сыртқы түсірілімді көрсетіп тұр. Сақталу мерзімі 30 күн. Дабылқаққыштар «ВМ Service stroi» ЖШС 31.01.2022 жылы № 5 келісім-шартқа отырылды. Ал бейнебақылау камераларының дұрыс жұмыс жасауына Smart Systems жеке кәсіпкерімен 3.02.2022 жылы № 6 келісім-шартқа отырылды.

Кәсіпорынның «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу паспорты» жасақталып бекітілген. Жылына 1 рет оқу жаттығу жұмыстары жүргізіледі.

Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидаларына сай темір шарбақпен қоршалып, 9 топтың ойын алаңы 9 бөлінген. Балабақша алаңы өз дәрежесінде жабдықталған жеке топтарға арналған ойын, құм алаңдары, балалар ойнайтын құралдар, әр топқа жеке балалар отырып ойнайтын көлеңкелі бастырмалар орындығымен (беседка), гүл алаңқайлары және балалардың денсаулығын нығайтатын, ойын құралдарымен жабдықталған спорт алаңы, сонымен бірге әр бір мерекеліктерге арналған плакаттарды ілетін құрылысы бар. Балабақша учаскесіне кіру жолдары, көлікпен өту жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдарға, санитариялық-аулалық қондырғыларға өтетін

жолдар қатты жабынмен жабылған (тротуарлық плитка). Бөбекжай-бақшасының автономды жылу жүйесімен, орталықтандырылған таза су желісімен қамтылған.

топтық үй-жайлар

№	Атаулары	Саны
1	Топтар саны	9
	-ойын бөлмесі	9
	-жатын бөлмесі	9
	-қабылдау бөлмесі	9
	-әжетхана т.б.	9
мамандандырылған үй-жайлар		
2	Саз бөлмесі	1
3	дене шынықтыру бөлмесі	1
4	Хореография	-
5	Қазақ тілі кабинеті	-
6	Бейнелеу кабинеті	-
7	Әдістемелік кабинет	1
8	Психолог бөлмесі	1
9	Меңгеруші кабинеті	1
Ілеспе үй-жайлар		
10	Медициналық кабинет	1
11	Асхана блогі	1
12	Кір жуатын, үтіктейтін орын	1
13	Есепші кабинеті	1
14	Қойма үй жайлары	1

2.Оқытумен мен тәрбиелеу қызметін бағалау.

Бөбекжай-бақшасының үлгілік оқу жоспарлары, білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесі және вариативтік компонентті қоса алғанда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 30 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сай негізделген. 2020 – 2021 оқу жылына арналған оқу жоспары мына заңнамаларды негізге алып жасақталды. Оқу жоспары Қазақстан Республикасы «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қарашадағы №604 бұйрығы;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы);

Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар, санитарлық қағидаларына (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы №615 бұйрығы);

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 1 қосымша (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020.05.12 №195 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, бекітілген);

Үлгілік оқу жоспары осы бұйрықтарды басшылыққа ала отырып жасақталды.

Барлық жас топтары үшін оқу жылы – 1 қыркүйектен 30 мамырға дейін (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны іске асырылады).

Оқу жоспары 1 жастан 1 сыныпқа қабылдағанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес жасалынды.

Оқу жоспары бөбекжай-бақшаның 2020 жылғы 28 тамызда өткізілген №1 педагогикалық кеңесте түсіндіріліп, талқылынып бекітілді. Оқу жоспары кіші топтан мектепалды даярлық топтары аралығын қамтиды.

Бағдарламаның іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, олардың жан-жақты дамуына бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру арқылы қамтамасыз етеді. Білім беру салаларының мазмұнын кіріктіру балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың міндеттерін біріктіру әдістерімен іске асырылады.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы бала жасына қарай кезеңге бөлуге сәйкес белгіленді.

2 жастан 3 жас кіші топ балаларының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі – 9 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 10-15 минут. Оқу жылының ұзақтығы 36 оқу аптасы.

3 жастан 4 жас ортаңғы топ балаларының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі -11 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 15-20 минут. Вариативтік компонентке 1 сағат бөлініп, «Ертегілер елінде», «Сиқырлы қалам», «Бала тілі» - 1сағат,жұмысы қарастырылып, барлығы 12 сағат жиынтығын құрайды. Вариативтік компонент оқу қызметін топ тәрбиешілері жүргізеді. Оқу жылының ұзақтығы - 36 оқу апталығы.

4 жастан 5 жас **ересек топ** балаларының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі - 12 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызмет ұзақтығы 20-25 минут. Вариативтік компонентке 2 сағат бөлініп, «Сөйле балақай», «Табиғат саясында», «Шебер қолдар», «Билеп үйренеміз» - 1 сағат жұмысы қарастырылып, барлығы 14 сағат жиынтығын құрайды. Вариативтік компонент оқу қызметін топ тәрбиешілері жүргізеді. Оқу жылының ұзақтығы - 36 оқу апталығы. Осы жас аралығындағы балалар арасында психологиялық дамуы кешеуілдеген балаларға арналып арнайы топ ашылды. Бұл топта 7 балалар тәрбиеленуде. Ұйымдастырылған оқу қызметінің

жалпы көлемі - 12 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызмет ұзақтығы 20-25 минут. Түзету жұмыстарына арналып 2 сағат бөлініп, «Бала тілі - бал» - 1 сағат, «Менің әлемім» - 1 сағат, жұмысы қарастырылып, барлығы 14 сағат жиынтығын құрайды. Бұл топта логопед-дефектолог, психолог мамандар жұмыс жасайды.

5 – 6 жас **мектепалды даярлық тобы** балаларының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі - 17 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минут. Вариативтік компонентке 3 сағат бөлініп, «Өлке тану» - 1 сағат, «Билеп үйренейік» - 1 сағат, «Өнерлі екен он саусақ» - 1 сағат жұмысы қарастырылып, барлығы - 20 сағат жиынтығын құрайды. Вариативтік компонент оқу қызметін топ тәрбиешілері жүргізеді. Оқу жылының ұзақтығы - 36 оқу апталығы.

2021 – 2022 оқу жылының оқу жоспары Қазақстан Республикасы «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қарашадағы №604 бұйрығы;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы);

Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар, санитарлық қағидаларына (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 шілде № 59 бұйрығы);

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы; Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына

1 қосымша (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020.05.12 №195 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, бекітілген);

Оқу жоспары осы бұйрықтарды басшылыққа ала отырып жасақталды.

Барлық жас топтары үшін оқу жылы – 1 қыркүйектен 30 мамырға дейін (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны іске асырылады).

Оқу жоспары 1 жастан 1 сыныпқа қабылдағанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес жасалынды.

Оқу жоспары бөбекжай - бақшаның 2021 жылғы 31 тамызда өткізілген №1 педагогикалық кеңесте түсіндіріліп, талқылынып бекітілді. Оқу жоспары кіші топтан мектепалды даярлық топтары аралығын қамтиды.

Бағдарламаның іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, олардың жан-жақты дамуына бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру арқылы қамтамасыз етеді. Білім беру салаларының мазмұнын кіріктіру балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың міндеттерін біріктіру әдістерімен іске асырылады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы бала жасына қарай кезеңге бөлуге сәйкес белгіленді.

2 жастан 3 жас кіші топ балаларының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі – 9 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 10-15 минут. Оқу жылының ұзақтығы 36 оқу аптасы.

3 жастан 4 жас ортаңғы топ балаларының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі - 11 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 15-20 минут. Вариативтік компонентке 1 сағат бөлініп, «Ертегілер елінде», «Бала тілі – бал», «Балдырған тілі» - 1сағат, жұмысы қарастырылып, барлығы 12 сағат жиынтығын құрайды.

Вариативтік компонент оқу қызметін топ тәрбиешілері жүргізеді. Оқу жылының ұзақтығы - 36 оқу апталығы.

4 жастан 5 жас **ересек топ** балаларының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі - 12 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызмет ұзақтығы 20-25 минут. Вариативтік компонентке 2 сағат бөлініп, «Балдырғанбыз бал тамған», «Табиғат әлемі», «Көркем сөйлейік», «Балдай тілді баламыз» - 1 сағат, «Билеп үйренеміз» - 1 сағат жұмысы қарастырылып, барлығы 14 сағат жиынтығын құрайды. Вариативтік компонент оқу қызметін топ тәрбиешілері жүргізеді. Оқу жылының ұзақтығы - 36 оқу апталығы.

4 – 5 жас аралығындағы балалар арасында **психологиялық дамуы кешеуілдеген** балаларға арналып арнайы топ ашылды. Бұл топта 7 бала тәрбиеленуде. Олардың ішінде 3 бала 4 жаста, 4 бала 5 жаста. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі орта топта - 12 сағат, ересектер тобында - 17 сағат. Түзету жұмыстарына арналып орта топта 2 сағат, «Ойнайық та ойлайық» дефектолог, «Сөз ойла, тез ойла» логопед маманы жүргізеді. Барлығы 14 сағат жиынтығын құрайды. Ұйымдастырылған оқу қызмет ұзақтығы 15 – 20 минут. Ересектер тобында – 3 сағат бөлінген, «Ақылды саусақтар, ақылды балалар», «Зейін қой, тез ойла» дефектолог, «Сиқырлы логика әлемі» логопед мамандар жүргізіледі. Барлығы 20 сағат жиынтығын құрайды. Ұйымдастырылған оқу қызмет ұзақтығы 20 – 30 минут. Бұл топта логопед-дефектолог, психолог мамандар жұмыс жасайды. Оқу жылының ұзақтығы – 36 оқу апталығы. 2022 жылдың наурыз айында бала санының жетіспеушілігіне орай, ата – аналардың сұранысы негізінде ересек Қарлығаш тобы басқа ересек топтарға таратылып, 2 – 3 жас арасындағы балаларға арналып кіші топ ашылды. Бұл топтың оқу жоспары бөбекжай - бақшаның 2022 жылғы 4 наурызда өткізілген кезектен тыс педагогикалық кеңесте түсіндіріліп, талқылынып бекітілді. Бағдарламаның іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, олардың жан-жақты дамуына бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» білім беру салаларын кіріктіру арқылы қамтамасыз етеді. Білім беру салаларының мазмұнын кіріктіру балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың міндеттерін біріктіру әдістерімен іске асырылады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы бала жасына қарай кезеңге бөлуге сәйкес белгіленді.

2 жастан 3 жас кіші топ балаларының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі – 9 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 10-15 минут. Оқу жылының ұзақтығы 36 оқу аптасы.

Үлгілік оқу жоспарына әр үш жылға түсіндірме.

<https://yntymak-23.goroo-atyrau.kz/ozin-ozit-test-tt-u-olshemsh-rtt-ry/o-u-zhospary.html>

2.1.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру мақсатында әр топ балаларының жас ерекшелігі ескеріліп, жасақталды.

Білім беру процесі перспективалық жоспарға, циклограммаға сәйкес жүзеге асырылады. Әр оқу жылының басында педагогикалық ұжым перспективалық жоспарды өтпелі тақырыптарға сәйкес бір жылға құрастырады. Тәрбиешілер мен мамандар перспективалық жоспарға сәйкес әрбір аптаға балалардың өтпелі тақырыптарды жан-жақты зерттеуіне бағдарланған, әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған циклограмманы құрастырады және балалармен апталық білім беру, тәрбиелеу процесстері жүргізіледі. Жаңа оқу жылына тәрбиеленушілермен жұмыс жасауға барлық жас топтарына сәйкес 2020-2021 оқу жылының күн тәртібі 2020 жылғы 15 маусымдағы «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру туралы» №17 хаттамасымен бекітілген Әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып, барлық топтарға жасалды. Үлгілік оқу бағдарламасының мақсат - міндеттеріне сай 9 өтпелі тақырыптар бойынша перспективалық жоспар жасалды. Балалардың қызығушылығын, бейімділігін, қажеттілігін және қабілеттілігін ескере отырып, тұлғаны оқыту, тәрбиелеу, дамыту мақсатында вариативтік бөлім жоспары жасақталды.

Перспективалық жоспар мамандарды қоса алғанда

<https://yntymak-23.goroo-atyrau.kz/ozin-ozit-test-tt-u-olshemsh-rtt-ry/perspektiv-lyk-zh-sp-r.html>

Циклограмма 2020 – 2021 оқу жылы.

<https://yntymak-23.goroo-atyrau.kz/ozin-ozit-test-tt-u-olshemsh-rtt-ry/tsi-l-gr-mm.html>

Циклограмма 2021 – 2022 оқу жылы.

<https://yntymak-23.goroo-atyrau.kz/ozin-ozit-test-tt-u-olshemsh-rtt-ry/tsi-l-gr-mm-2021-2022.html>

Вариативтік компонент 2020 – 2021 оқу жылы.

<https://yntymak-23.goroo-atyrau.kz/ozin-ozit-test-tt-u-olshemsh-rtt-ry/variativtik-b-lim.html>

Вариативтік компонент 2020 – 2021 оқу жылы.

<https://yntymak-23.goroo-atyrau.kz/ozin-ozit-test-tt-u-olshemsh-rtt-ry/v-ri-tivti-bolim-2021-2022-ku-zhyly.html>

Күн тәртібі

<https://yntymak-23.goroo-atyrau.kz/ozin-ozit-test-tt-u-olshemsh-rtt-ry/n-tartibi.html>

Пед.кеңеспен бекітілген өтпелі тақырыптар.

<https://yntymak-23.goroo-atyrau.kz/ozin-ozit-test-tt-u-olshemsh-rtt-ry/otpele-t-kyrypt-r.html>

Оқу қызметі кестесі

<https://yntymak-23.goroo-atyrau.kz/ozin-ozit-test-tt-u-olshemsh-rtt-ry/ku-kyzmetter-estesi.html>

2.2. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау

2020-2021 оқу жылына педагог-психологтың жылдық жұмыс жоспарына қойылған:

Мақсаты: сапалы тәрбие беру үшін әлеуметтік-психологиялық жағдай қалыптастыру; білім беру саласында балалардың психологиялық дамуына көмектесу.

Міндеттері:

1. Психологиялық саулықтарын нығайту, жасы мен жеке дамуын ескере отыра, балабақшада әр балаға ыңғайлы жағдай жасау;
2. Білім беру саласында әр балаға дер кезінде психологиялық көмек пен алдын-алу жұмыстарын жүргізу;
3. Ата-аналар мен тәрбиешілердің бала тәрбиесінде бірізділік талап қою жағдайын ұйымдастыруды жетілдіру, ата-аналар мен тәрбиешілердің ынтымақтастықта болуына жағдай жасау.

2020-2021 оқу жылының жылдық жұмысы бойынша атқарылған жұмыстар: балабақшаға жанадан 60 бала қабылданды. Оның ішінде 15 бала – 2-3 жас, 36 бала – 3-4 жас, 9 бала – 4-5 жас. Жас ерекшелігіне сай балалар топтарға бөлінді. Балалардың балабақшада, топта бейімделуін анықтау мақсатында оқу жылының бастапқы айларында, бақылауға кіші топтар алынып, бейімделу парақтары толтырылды. Кіші «Құлыншақ» тобына 15 бала қабылданды, бейімделу диагностикасы нәтижесінде жеңіл бейімделу: 6 бала (40%), орташа бейімделу: 8 бала (53%), ауыр бейімделу: 1 бала (6,6%) деңгейін көрсетті. Ортаңғы «Балапан» тобына 13 бала қабылданды, бейімделу диагностикасы нәтижесінде жеңіл бейімделу: 5 бала (38%), орташа бейімделу: 7 бала (53%), ауыр бейімделу: 1 бала (7,6%) деңгейін көрсетті. Балалардың бейімделуіне психологиялық көмек көрсетіліп, балалармен жақын танысып, топ тізімі дайындалды. Кіші топтың ата-аналарына «Баланың балабақшаға бейімделуі» туралы яғни үйдегі баланы балабақшаға әкелгенде оңай қабылдау үшін, оған қандай көмек көрсету қажет екенін ата-аналарға әртүрлі психологиялық кеңестер ұсынылды. Бейімделуі ауыр деңгейде өтіп жатырған балалармен жеке және топтық жұмыстар жүргізілді. Су, құм терапиясы балаларды тыныштандырып, көңіл-күйлерін көтеру мақсатында және ойын-жаттығулары жүргізілді. Кіші топпен жылдың басында сенсомоторлық диагностика жүргізіліп, төмен деңгейді көрсеткен балаларды жеке түзеу жұмысына алынды. І кіші «Құлыншақ» топ балаларымен ұсақ қол моторикасына ойын-жаттығулар жүргізілді. Мақсаты: М.Монтессори элементтерін пайдаланып

балалардың моторикасын дамыту. Күннің екінші жартысында балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту жөнінде тәрбиешілерге ұсыныс айтылды. Ортаңғы, ересек, МАД топ балаларымен танысып, тізімі дайындалды. Жыл басында ортаңғы, ересек, МАД 8 топ бойынша, 104 балалардың танымдық қабілеттері даму деңгейлерінің бастапқы бақылау диагностикасы жүргізіліп, нәтижесінде: Қабылдау-85%; Зейін-63%; Есте сақтау-78%; Ойлау-57%; Қиялдау-64%; Жалпы көрсеткіш-24,2% деңгейді көрсетті. МАД, Ересек, Ортаңғы топ балаларымен жас ерекшеліктеріне сай «Кәне, амандасайық!», «Сиқырлы орындық», «Сөйлемді аяқта», «Қарама-қарсы сөзді ата», «Құлақ-мұрын», «Көп және біреу», «Табиғат мінезі», «Портфельде не жатыр?», «Сабақ пен үзіліс», «Төртіншісі артық», «Сиқырлы жіп», «Рөлдік гимнастика», «Ойлан да аяқта», «Барлығы керісінше», «Қисынсыз әңгіме», «Тауып көр» психологиялық танымдық қабілеттерін дамытушы ойын-жаттығулары және «Күн шуағы», «Гүл», «Апельсин», «Сілкіп таста» релаксациялары жүргізілді. Балалардың өзара достық қарым-қатынасын нығайту мақсатында ойын терапиясы өткізілді. Кіші топ балаларымен «Үрлен, көпіршік!», «Кел, танысайық!», «Шеңберге кір», «Рөлдік гимнастика», «Көңілді қоян» ойындары ойнатылып, жағымды эмоциялық көңіл-күйді көтеру, мазасыздық және күйзелісті түсіру, қауіпсіздік сезімін туғызу, қарым-қатынас дағдыларын дамыту мақсатында сенсорлы бөлмеде ертегі терапиясы, ойын терапиясы жүргізілді. Нәтижесінде ойын-жаттығулар балалардың көңіл-күйлерін көтеріп, бір-бірімен жақын қарым-қатынасқа түсуіне, таным қабілеттерінің дамуына көмектесті. Әр топтан шамадан тыс белсенді балалар, агрессиясы басым балалар, психологиялық танымдық қабілеті төмен көсеткішті көрсеткен балалар, қорқынышы бар балалар, ұялшақ балалар тізімі жеке түзету жұмысына алынды. Топ балаларына ойын, оқу қызметі, серуен т.б. іс-әрекеттер барысында бақылау жұмыстары жүргізілді. МАД тобымен «Екі үй» әдістемесі, балалардың достық, адамгершілік қатынастарын бақылау мақсатында жүргізіліп, нәтижесінде балалардың басым бөлігі бірнеше балаларды ашық, тартымды үйге орналастырды. Сәуір айында МАД тобымен мектептегі өмірге яғни оқуға психофизиологиялық және психологиялық дайындық дәрежесін анықтау мақсатында К.Йирасек тесті жүргізілді, нәтижесінде балалардың танымдық қабілеттері, қол моторикасы, тапсырманы орындауы, нұсқауды түсінуі, өзін-өзі ұстаулары, сұраққа жауап беруі қалыпты, мектепке психологиялық дайындығы жақсы деңгейді көрсетті. Жыл аяғында ортаңғы, ересек, МАД 8 топ бойынша, 195 балалардың танымдық қабілеттері даму деңгейлерінің қорытынды бақылау диагностикасының нәтижесі: Қабылдау-97%; Зейін-83%; Есте сақтау- 90%; Ойлау-81%; Қиялдау-74%; Жалпы көрсеткіш-55,6% деңгейді көрсетті.

Педагог тәрбиешілермен «Баланың дамуы мен қалыптасуына тұқым қуалаушылық, орта және тәрбиенің ықпалы», «Баланың балабақшаға бейімделуі», «Мектепке дейінгі ұйымның отбасымен ынтымақтастығының негізгі бағыттары», «Ертегілердің бала тәрбиесіндегі рөлі», «Баланың дамуындағы ойындар мен ойыншықтар», «Балалардың ұйымдастырылған оқу қызметіне қызығушылығын арттыру» тақырыптарында кеңестер оқылып, «Ағаш үстіндегі адам» проективті тесті жүргізілді. Педагогтардың психологиялық ахуалын жақсарту, көңіл-күйлерін көтеру мақсатында тренингтер өткізілді. Желтоқсан айында педагогтардың ұжымда сыйластық қарым-қатынас орнатуға, топтасып жұмыс істеу жүйесін дамыту

мақсатында «Мен сіздермен біргемін» тренингі және қазан айында «Менің танымдық әлемім» атты семинар-практикум өткізілді.

Ата-аналармен онлайн форматта whatsapp желісі арқылы тәрбиешілермен бірлесе отыра «Баланың балабақшаға бейімделуі», «Баламен ойнай білесіз бе?», «Баланың дамуындағы ойындар мен ойыншықтар», «Біз мектепке барамыз» тақырыптарында кеңестер өткізілді. Ата-аналар кері байланыс жасап, өздерінің ой-пікірлерімен бөлісті.

Балабақшамызда 2020 жылдың наурыз айынан бастап «Психологиялық даму кешеуілдеген» тобы ашылып, топқа ПМПК тексеруі бойынша әртүрлі диагноздағы 9 бала қабылданды. Бейімделу картасы толтырылып және әлеуметтік паспорты жинақталды. Топ балаларымен жеке психогимнастика, босаңсу жаттығулары, таным қабілетін арттыратын ойындар, түзету жұмыстары жүргізілді. Ұсақ және жалпы моторикасын дамытатын әртүрлі тапсырмалар берілді. Қазіргі кезде балалардың балабақшаға бейімделуі, тамаққа деген тәбеті және ұйқылары, оқу қызметіне қатынасуы жақсы деңгейде.

Психологиялық қызметтің жұмысының нәтижелілігін тек мынадай жағдайда көруге болады: психолог пен педагогикалық ұжымның білім беру жүйесіндегі оқыту тәрбие жұмысындағы кәсіби қарым-қатынас біртұтас болса, бала тәрбиесіндегі балаға деген көзқарастары бірін-бірі толықтырып отырса, ата-анамен байланыста болса жұмыс өз нәтижесін береді.

2021-2022 оқу жылына педагог-психологтың жылдық жұмыс жоспарына қойылған: Мақсаты: жағымды әлеуметтік психологиялық климатты қалыптастыра отырып, баланың өзіндік дамуымен жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ету.

Міндеттері:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғасын үйлесімді дамытуға арналған қолайлы психологиялық жағдайлар жасау;
2. Күн тәртібінде балалардың арасында жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру және балалардың психологиялық танымдық деңгейін дамыту;
3. Ата-аналар мен тәрбиешілердің бала тәрбиесінде бірізділік талап қою жағдайын ұйымдастыруды жетілдіру, ата-аналар мен тәрбиешілердің ынтымақтастықта болуына жағдай жасау.

2021-2022 оқу жылының жылдық жұмысы бойынша атқарылған жұмыстар: Балабақшамызға жаңадан 64 бала келіп, өз жас ерекшеліктеріне қарай топтарға бөлініп, балабақшаға бейімделу кезеңдерінен өтті. Оның ішінде 20 бала-2-3 жас, 35 бала-3-4 жас, 9 бала-4-5 жас. Балалардың балабақшаға бейімделуіне психологиялық көмек-көрсету, жаңадан келген балалармен танысып топ тізімін дайындау жұмыстары жүргізілді. Балалардың балабақшаға бейімделуін анықтау мақсатында балабақшаға жаңадан келген тәрбиеленуші әр балаға жеке парақша арналып, олардың күнделікті эмоционалдық көңіл-күйлеріне, топ балаларымен қарым-қатынасын, оқу қызметіне және ойынға деген қызығушылығына бақылау жұмыстары жүргізілді.

Кіші «Құлыншақ» тобына 20 бала қабылданды. Бейімделу диагностикасы нәтижесінде жеңіл түрде өткен - 10 бала (50%), орташа деңгейде – 9 бала (45%), ауыр түрде – 1 бала (5%) деңгейін көрсетті. Ортаңғы «Балапан» тобына - 25 бала қабылданды. Бейімделу деңгейі жеңіл түрде өткен - 6 бала (24%), орташа деңгейде-

16 бала (64%), ауыр түрде - 3 бала (12%) деңгейін көрсетті. Бұдан басқа топтарға жаңа қабылданған балалардың бейімделуі жеңіл деңгейде өтті. Баланы балабақшаға қызықтыратын, көңіл күйін көтеретін бұрыштар дайындалды. Баланың жаңа ортаға бейімделуі - күрделі құбылыс және ерекше қиындық туғызады. Осыған орай тәрбиешілердің және көмекші тәрбиешілердің балаларды балабақшаға бейімдеудегі еңбектері ерекше зор. 2-3 жастағы балаларды топ тәртібіне үйретіп, өз-өздеріне қызмет етуді киініп-шешінуді, оң қолына қасықты ұстап тамақтануды, жеке тазалықты сақтауға, өздерін еркін сезініп, жаңа ортада ашылуына көп жұмыстанды. Қазіргі кезде жалпы балалардың ересектермен қарым-қатынастары, өзара қарым-қатынастары байсалды, эмоционалды көңіл-күйлері жайдарлы болды. Топ балаларының ұйқылары тыныш, тамаққа тәбеттері қалыпты. Топта балалардың көңіл-күйлері көтеріңкі, өздерін еркін сезінеді.

Жаңадан келген балалардың бейімделу деңгейлері бойынша қорытынды есеп төмендегідей болды:

Жеңіл бейімделуден өткен бала саны - 31-48,4%

Орташа бейімделуден өткен бала саны - 24-37,5%

Ауыр бейімделуден өткен бала саны - 9-14,0 %

Ауыр бейімделген балалардың тәрбиешілеріне кеңестер берілді, ата-аналарымен әңгіме жүргізілді, кіші топтардың ата-аналарына «Баланың балабақшаға бейімделуі» туралы яғни үйдегі баланы балабақшаға әкелгенде оңай қабылдау үшін, оған қандай көмек көрсету қажет екенін ата-аналарға әртүрлі психологиялық кеңестер ұсынылды. Балалар бақылауға алынып, ойын-жаттығулар өткізілді.

2021 жылдың қазан айында ата-аналардың әлеуметтік құрамы туралы сауалнама қорытындысы бойынша жалпы қабылданған бала саны - 186, атаулы көмек алатын (АСП) отбасында шыққан бала саны - 21, жартылай жетім отбасылардан шыққан бала саны - 4, көп балалы отбасылар саны - 49, сәтсіз отбасы (ата-анасы ажырасқан)- 3, толық жанұяда тәрбиеленіп отырған бала - 179, жоғары білімді ата-ана - 170, орта арнаулы білімді ата-ана - 195 болды. Балабақшаға жаңадан қосылған балалардың ата-аналарының әлеуметтік жағдайын анықтау мәліметі тәрбиешілермен бірлесіп жасақталынып отырылды.

«Психологиялық ойын» балаларды ойынның әртүрлі ережелерін сақтауға үйрету, балаларды біріктіру өзара сенім жағдайын құру, танымдық процесстерін дамыту, көңіл-күйлерін қалыптастыру, белсенділіктерін арттыру мақсатында жүргізілді.

Ортаңғы, ересек 8 топ 163 балалардың танымдық қабілеттері даму деңгейлерінің бастапқы бақылау диагностикасының нәтижесі: Қабылдау - 70%; Зейін - 49%; Есте сақтау - 52%; Ойлау - 37%; Қиялдау - 38%; Жалпы көрсеткіш - 26,9% деңгейді көрсетті.

Психодиагностика қорытындысында танымдық қабілеттері төмен деңгейдегі балалар анықталып, олардың берілген сурет арқылы әңгіме құруға қиналатыны, сөздік қорлары аз екені байқалды. Балалармен жеке түзету жұмыстары жас ерекшеліктеріне сай қабілеттерін нығайтып, арттыру мақсатында жүргізілді. Ересек, ортаңғы топ балаларымен «Жарқыраған күн балаларға күлімсіреді», «Үйшігін табу», «Кішкентай және үлкен», «Сәлемдесу», «Жасырынбақ», «Еске сақта», «Көлеңкесін тап», «Не өзгерді», «Дайын бол», «Құлақ – мұрын», «Суретші нені ұмытты», «Пантомима», «Сылдырмақ, қоңырау», «Сәлеметсің бе, мен мысықпын!», «Бар ма, әлде жоқ па?» ойын-жаттығулары, нейрожаттығулар жүргізілді. Кіші топтармен

«Көңілді қоян», «Кәне бірге ойнайық», «Кел танысайық», «Күн», «Көңілді балақай!», «Түрлі түсті орамал», «Бұлттар» ойындары және қимылды ойындар, саусақ жаттығулары тәрбиешілермен біріге отыра жүргізілді. Әр топтан психологиялық танымдық қабілеті төмен көсеткішті көрсеткен балалар, агрессиясы басым балалар, тұйық балалар, шамадан тыс белсенді балалар тізімге алынып жеке түзету жұмыстары жүргізілді.

Ортаңғы, ересек 7 топ 153 балалардың танымдық қабілеттері даму деңгейлерінің қорытынды бақылау диагностикасының нәтижесі: Қабылдау-96,7%; Зейін-83,6%; Есте сақтау-92,1%; Ойлау-78,4%; Қиялдау -81,0%; Жалпы көрсеткіш-44,0% деңгейді көрсетті.

Қараша айында ортаңғы топтарда серуен кезінде балалардың бір-бірімен араласуы, балалардың өз-өздеріне қызмет көрсету дағдылары бақыланды. Желтоқсан айында ересек топтарында ата-анамен баланың қарым-қатынасы, ата-анамен тәрбиешінің қарым-қатынасы және топ ішінде балалардың өзара қарым-қатынасына бақылау жүргізілді. Балалардың өзара достық қарым-қатынасын нығайту мақсатында ойын терапиясы өткізіліп, жалпы балалардың балабақшаға деген әсері жақсы, достары көп екені анықталды.

Кіші топ балаларымен сенсо-моторикалық диагностика жүргізіліп, төмен көрсеткішті көрсеткен балалармен ұсақ моторикаға арналған жаттығулар мен саусақ жаттығулары, су-джок терапиясы, монтессори элементтері қолданылды. Ата-аналармен тәрбиешілерге жоспарда белгіленген тақырыптар және сұраныс бойынша кеңестер беріліп отырылды. Жас мамандарға психологиялық қолдау көрсету және педагогтар, тәрбиешілер арасында қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылуға арналған профилактика тренинг жүргізілді. Тәрбиешілердің сұранысы бойынша ата-аналар жиналысына қатысып, шағын тренинг элементтері жүргізілді және бала туралы мәлімет жинақтау мақсатында сауалнамалар берілді.

Ақпан айында балабақшамызда қалалық семинар ұйымдастырылып «Нейрожаттығулар арқылы балалардың танымдық қабілетін дамыту» тақырыбында шебер сынып өткізілді. Топ балаларымен психологиялық танымдық қабілетін дамытатын ойын жаттығулар жүргізіліп отырылды. Осы жылы балабақшамызда Монтессори бөлмесі ашылды. Монтессори дамытушы құралдары 4 аймаққа, яғни күнделікті өмір жаттығулары, сенсорика, математика, тіл аймағына бөлініп дайындалды. Бөлме іші кең, әрі жарық. Монтессори бөлмесіне келген балалар өздерін еркін сезініп, көңіл-күйлері көтеріліп, өзі қалаған құралдарды таңдап, өз еріктерімен жұмыс жасайды. ПДК«Ақ қоян»тобы балаларымен логопед, дефектолог мамандарымен біріге отыра тіл байлығын, сөздік қорын кеңейту, танымдық процестерін дамыту мақсатында жеке түзете-дамыту жұмыстары жүргізілді. Балалардың дамуында ата-аналардың жіберетін қателіктері енді дамып келе жатырған балаларының қолдарына телефонды ұстатуы, баламен қарым-қатынас жасамауы және екі тілде сөйлесуі.

Қалалық мамандармен бірлесіп тәжірибе бөлісу, қарым-қатынас жасау мақсатында №21 «Алтын кілт» бөбекжай-бақшасында «Инклюзивті тәрбиені дамыту және Монтессори әдісін енгізу заман талабы», №29 «Нұрсая» бөбекжай-бақшасында «Дамыту ойындары арқылы психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыру», №37 «Болашақ» бөбекжай-бақшасында «Мектеп жасына дейінгі психикалық дамуы кешеуілдеген балалармен жұмыс жасауда

дәстүрлі емес әдістерді қолдану», №15 «Балбөбек» бөбекжай-бақшасында «Психикалық дамуы кешеуілдеген балаларды түзете дамыта оқыту және тәрбиелеу жұмыстарының бағыттары» тақырыбында қалалық семинарларға қатыстық. Өз білімімізді жетілдіруде 2021 жылда «Мектепке дейінгі білім беру мазмұнының жаңаруы жағдайында педагогтердің АКТ технологияларды пайдалануы бойынша кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» және «Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» тақырыбында сертификат алынды. 2022 жылы «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары» және «М.Монтессори технологиясын пайдалану негізінде мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту» тақырыбында сертификат алынды.

Психолог жұмыс жоспары

<https://yntymak-23.goroo-atyrau.kz/ozin-ozit-test-tt-u-olshemsh-rtt-ry/psikh-l-g-zh-mysy.html>

2.3."РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани адамгершілік дағдыларды қалыптастыру. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының бағдарларын ұсынған. Олар: «Жаңа тұрпаттағы жаңғырудың ең басты шарты - ұлттық құндылықтарды сақтай білу. Ұлттық құндылықтар арқылы болашақ ұрпақты тәрбиелеу, туған жерге деген сүйіспеншілік, Қазақстанға деген патриоттық сезімге баулу.

Міндеті: Балалардың жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарыға баулу. Ұлттық құндылықтар арқылы балабақша мен отбасы арасындағы сабақтастық нығайта түсу

Мақсаты: балалардың жас ерекшеліктерін және бағдарламалық талаптарды ескеріп, жобалау әрекеттерін ұйымдастыру.

Балабақшамызда «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бойынша ерте жастағы балаларды күту және дамыту, оларда әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын қалыптастыру мақсатында тәрбие мен білім беру процесіне енгізіп, ұлттық дәстүрмен қалыптасқан білім мен тәрбие берудің озық үлгілерін жаңашыл әдістерімен ұштастыра отырып пайдалану, әрбір бүлдіршіннің жеке тұлға болып қалыптасуына, қабілет-қарімінің ашылуына, таным-түйсігінің оянуына барлық жағдай жасау, олардың өз ойын ашық айта білетін, пікірін білдіре алатын көшбасшылық қабілетін қалыптастыруға оқу жылыд ықпал етіп, нәтижелі жұмыс жасалып келеді.

Әр оқу жылында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша іс-шаралар жоспары құрылып бекітілді және осы жоспарға сай балалармен, ата-аналармен, балабақша қызметкерлерімен түрлі жұмыстар жүргізілді.

Атқарылған жұмыстар бойынша ақпарат

<https://yntymak-23.goroo-atyrau.kz/ozin-ozit-test-tt-u-olshemsh-rtt-ry/rukhn-ni-zh-gyru-bgd-rl-m-sy.html>

2.4.МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауда және денсаулығын нығайтуда қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру.

